

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» КеАҚ  
басқарма төрағасы, ректор  
*А. М. Нәметов*  
«06» \_\_\_\_\_ 2019 ж.



**ИХТИОЛОГИЯ ЖӘНЕ АКВАКУЛЬТУРА  
ЗЕРТХАНАСЫНЫҢ  
ТЕХНИК – БАЛЫҚ ӨСІРУШІСІНІҢ**

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСКАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.139

№ 06 басылым

№ \_\_\_\_\_ дана

Дайындалды: <i>01.09.2024ж.</i>	Келісілді: <i>15.09.2022ж.</i>	Енгізілді: <i>07.09.2019ж.</i>
Нургалиев Б.Е. <i>[Signature]</i> Сариев Б.Т. <i>[Signature]</i>	Губашев Н.М. <i>[Signature]</i> Алмагамбетова М.Ж. <i>[Signature]</i> Таскалиев Е.К. <i>[Signature]</i> Ихсанов Е.Б. <i>[Signature]</i>	Орнына: 07.09.2019ж. СМЖ.07.ЛН.139 Кайта каралуы: <i>08.09.2025ж.</i>

## Мазмұны

- 1.Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі және өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

## **1. Бағыты**

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» және «Білім туралы» заңдарына сәйкес дайындалды.

## **2. Қолдану саласы**

Осы нұсқаулық ихтиология және аквакультура зертханасының техник – балық өсірушісіне арналған.

## **3. Лауазымдық міндеттері**

**3.1** Ихтиология және аквакультура зертханасының техник – балық өсірушісі міндетті:

3.1.1. Қолданылатын механизмдер мен балық өсіру жабдықтарының құрылысын білуге;

3.1.2. Балықтардың барлық түрлерін бассейндерде өсіру процесін жүргізуге;

3.1.3. Балықтардың жағдайын бақылап, бассейндерден химиялық талдау жүргізу үшін күнделікті су сынамаларын алуға;

3.1.4. Балықтарды уақытылы және белгіленген мөлшер бойынша азықтандыруға;

3.1.5. Балықтарды өлшеу және әр түрлі тәсілдермен белгі салу жұмыстарын жүргізуге;

3.1.6. Лотоктар мен бассейндерді тазалауға, сондай – ақ басқа да құрал - жабдықтарды қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етуге;

3.1.7. Балық өсіру құрылғылары мен механизмдерінің жұмыс қабілеттілігін қадағалауға, егер техникалық ақаулар табылатын болса дер кезінде шара қабылдау немесе ескертуге;

3.1.8. Төтенше жағдайлар туындаған кезде жұмыс орнына келіп, тиісті шаралар жүргізуге;

3.1.9. Қауіпсіздік техникасының ережелерін және еңбек тәртібін сақтауға;

### **3.2. Бағыныштылығы:**

3.2.1. Ихтиология және аквакультура зертханасының техник – балық өсірушісін зертхана меңгерушісі және институт директорының ұсынуларымен тағайындайды және лауазымынан босатады;

3.2.2. Ихтиология және аквакультура зертханасының техник – балық өсірушісі институт директорына, зертхана меңгерушісіне бағынады және өз жұмысында басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының стандарттау, сертификаттау және метрологиялар салаларында қолданылып жүрген ҚР Заңдарын;

- Ихтиология және аквакультура зертханасының меңгерушісі бұйрықтарын, өкімдерін, әдістемелік нұсқаулықтарын;

- Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жүйелерінің сертификаттау нормативтік құжаттарын;

- осы лауазымдық нұсқаулығын.

3.2.3. Ихтиология және аквакультура зертханасының техник – балық өсірушісі өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді.

**3.3.** Ихтиология және аквакультура зертханасының техник - балық өсірушісі білуі қажет:

3.3.1. Тірі балықпен жұмыс істеу ережелерін;

3.3.2. Балықтарды аулау, отырғызу, сұрыптау және есептеу тәсілдері мен ережелерін;

3.3.3. Балықтарды азықтандыру ережелері мен азық түрлерін;

3.3.4. Лотоктар мен бассейндерді тазалау ережесін, аквариумда балық өсіру технологиясын білу;

3.3.5. Гидробиологиялық және гидрохимиялық талдау жүргізудің әдіс – тәсілдерін;

3.3.6. Балық өсіруге арналған құрал – жабдықтар мен құрылғы, механизмдерді эксплуатациялау ережелерін.

**3.4.** Біліктілік талаптары:

3.4.1. Арнаулы орта кәсіби немесе жоғары білімінің болуы.

#### **4. Жауапкершілігі және өкілеттігі**

**4.1.** Ихтиология және аквакультура зертханасының техник – балық өсірушісі жауапты:

4.1.1. Жасанды тұйық сумен қамтылған қондырғыларда балық өсіру технологиясына сай балықты өсіруге;

4.1.2. Зертханадағы өсірілетін балықтарды азықтандыруға және жалпы бақылауға;

4.1.3. Балық өсіруге және зерттеуге арналған құрал-жабдықтарды ережеге сай пайдалануға;

4.1.4. Ақпараттардың құпиялылығын сақтауға;

4.1.5. Қауіпсіздік техникасы ережелері мен еңбек тәртібінің сақталуына.

**4.2.** Ихтиология және аквакультура зертханасының техник – балық өсірушісі құқылы:

4.2.1. Зертхана қызметкерлерін марапаттау және ескертпелер жөніндегі ұсынысын енгізуге;

4.2.2. Кәсіптік біліктілігінің деңгейін арттыруға;

4.2.3. Әрбір еңбек еткен жылына ұзақтығы 30 күнтізбелік күн есебінде еңбек демалысын алуға;

4.2.4. Жұмысты ұйымдастыруды жақсарту, жаңа әдістемелер және жұмыс түрлерін дайындау жөнінде ұсынысын енгізуге.

## **5. Сілтемелер**

5.1 ҚР «Еңбек кодексі» 23.11.2015 ж. № 414-V;

5.2 ҚР «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж. № 319-III;

5.3 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. №410- V;

5.4 ҚР «Ғылым туралы» Заңы 18.02.2011 ж. № 407-IV;

5.5 ҚР СТ ИСО 9000-2007 Сапа менеджментінің жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік;

5.6 ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

5.7 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жарғысы;

5.8 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ң 2019-2023 жылдарға арналған бағдарламасы;

5.9 Университеттің ішкі тәртіп ережелері СМЖ.08.ҚЕ.06;

5.10 Университеттің ішкі нормативті құжаттары.